

**IX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР ФОРУМЫ**

*Таяуда ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, География және Табиғаттың пайдалану факультетінің ұйымы астырымен, Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болуының 30 жылдығына арналған «Жасыл көпір Ұрпақтан – ұрпаққа» аяғы IX Халықаралық студенттік форумы болып өтті.*



**Жасыл көпір ұрпақтан – ұрпаққа**

Форумды өткізудегі басты мақсат – өлем елдері мен Қазақстанның әр еңірін тұрақты дамуға бағытталған мәселелерге тарту, сонымен қатар жастардың, билік, ғылым, білім, бизнес өкілдерінің назарын – экожүйелерді қорғауға және қалпына келтіруге, климаттың өзгеруіне әсер еткен салдарымен күресуге, қалдықтармен дұрыс жұмыс істеуге аудару болды. Аталған, іс-шараға жерді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жас ғалымдар, студенттер, магистранттар мен докторанттар шақырылды. Форумда, БҰҰ-ның Қазақстандағы жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі – Властимил Самех, БҰҰ-ның Қазақстандағы

қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі – Джастин Рашид, Пан Ги Мун атындағы тұрақты даму бойынша институтының директоры – Смаилова Айжан Болатхановна және Жасыл тұрақты даму орталығының директоры – Абазов Рафис Фанисович сынды құрметті қонақтар сөз сөйледі. Форумға алыс-жақын шет елдерден (Ресей, АҚШ, Өзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ауғанстан т.б.) келген белсенді хатысушыларының арасында – студенттік және жастар ұйымдарының өкілдері, жастар саясаты саласында жұмыс істейтін сарапшылар мен мамандар болып, пленарлық отырыстарда өз баяндамаларын ұсынып, сөз сөйледі. «Жасыл көпір ұрпақтан – ұрпаққа» IX Халықаралық студенттік форумының хатысушылары «БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша жаһандық мақсаттарын» талқылап, UNESCO, FAO және басқа да халықаралық ұйымдардың,

сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Президентінің экологиялық бастамаларына өздерінің қолдау көрсететіндерін мәлімдеді. ҚР Президенті Қ. К. Тоқаев өзінің 2021 жылдың 1-қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «... Елдегі экологиялық мәселелерге баса назар аудару керек. Ортамерзімді болашақта мейлінше ластанған 10 қаланы газдандыру және энергияның баламалы қуат көздеріне көшіру қажет, осыған орай, менің тапсырмаммен 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу міндетін қойдым. «Жасыл» сүтегі

білім алуды, өз елдерінің «жасыл» экономикаға көшуіне белсенді қатысуды және өлемнің түрлі елдеріндегі құрдастары арасындағы ғылыми байланыстарды дамытуды аса маңызды деп санайды. Осы тұрғыдан алғанда, форумға қатысушылар ақпараттық-коммуникативтік онлайн платформаны өзірлеп, іске қосқан, БҰҰ-ның бағдарламаларының өңірлік хабын іске қосқан және ілгерілеткен – ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің құптады және қолдайды. Университеттің атсалысуының нәтижесінде жастардың экологиялық жобаларды өзірлеуі оны іске қосу, сондай-ақ, «жасыл кампус» және «жасыл кеңсе» жобаларын

өндірісі, жалпы сүтегі және атом энергетикасы да перспективалы бағыт болып табылады» – деп, атап өткен болатын. «Жасыл көпір ұрпақтан – ұрпаққа» идеологиясы 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы «Барлығы үшін үздік және нәтижелі тұрақты болашаққа қол жеткізу жолдары» ретінде өзірлеген тұрақты даму жөніндегі БҰҰ-ның жаһандық мақсаттарына сүйене отырып, қазіргі жаһандық өлемде жастарды өз елінің тұрақты дамуына бағыттау өте маңызды болып табылатындығына негізделген. Бұл бастама бүкіл өлемдегі жас ұрпақтың болашағы үшін саналы жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған. Осыған байланысты, «Жасыл көпір ұрпақтан – ұрпаққа» IX Халықаралық студенттік форумының хатысушылары «жасыл» технологияларды енгізуді ілгерілетуді, экологиялық дүниетанымға негізделген сапалы және бәсекеге қабілетті

қамтитын «Жасыл университет» бағдарламалық тұжырымдамасын іске асырылуы дәлел бола алады. Бұл біздің «Жасыл көпір ұрпақтан – ұрпаққа» бастамамызды іске асыруға жастарды белсенді тартудың нәтижесінде мүмкін болды. Жас ғалымдар мен форумның атақты қонақтары пленарлық және секциялық отырыстарда жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және тұрақты даму үшін өлеуметтік жобаларды дамыту, тұрақты даму және Жасыл экономика контекстінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар проблемалары, туризм және қонақжайлылық саласындағы ғылыми зерттеулер мен білім берудің өзекті мәселелері жайлы талқылады.

**О.А. ЗУБОВА, Г.С. ЖУМАНОВА**  
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доцент м.а.

**ЖЕТІСУ МЕН АБАЙ ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ШЕКАРАСЫ**

**Алакөл - Жетісу мен Абай облыстарының шекарасында орналасқан тұзды су қоймасы. Бұл көлдің суы - ежелден бері өзінің емдік қасиеттерімен белгілі. Алакөлі көл деп атауына, себебі, оның аумағы теңіз сияқты үлкен. Көлдің ұзындығы - 104 км, ені 52 км, ең терең жері - 54 метр. Судың тазалығы соншалық, 1-3 метрде жүзіп жүрген балықты көруге болады.**

қимыл, жүрек-тамыр және жүйке жүйелеріне жағымды әсер етеді. Ұлы жібек жолының бір тармағы осы маңнан өткендіктен, саяхат қиындығынан қажыған жиһанкөздер Алакөл жағасында аялдап, көлер қашықтықты өңсермекке күш – қуат жинап алмай ары қарай аттанбаған. Ежелден-ақ көпшіліктің көзі жеткен көлдің кереметін кейінгінің ғалымдары зерттеулерімен дәлелдеп келеді. Көлдің орталық бөлігінде үш аралдан тұратын архипелаг орналасқан. Олар:

**ЖОҢҒАР АЛАТАУЫ**

**«Жоңғар Алатауы» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Алакөл филиалы аумағы бойынша табиғат жылнамасы жыл бойына үздіксіз жүргізіледі. Гидрологиялық, метеорологиялық бақылаулар, өсімдіктердің, сүтқоректілер, құстар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылардың, балықтардың өміріндегі мерзімдік құбылыстар бақыланады.**

сияқты құбылыстар барлығы енгізіледі. Жануарлар өміріндегі мерзімдік өзгерістер үшін, олардың түлеу мерзімдері, күйікке түсуі, төл әкелуі, мүйіз тастау, ұйқыға көтуі сияқты, құстардың ұя салып, жұмыртқада балапан шығаруы, жылы жаққа күз кезінде ұшып өтулері барлығы толық осы болып жатқан табиғаттағы құбылыстар жатады. Арасы бес жылдан соң табиғат жылнамасы біріктіріліп, қорытынды ретінде бес жылдық кітап өзірленеді. Табиғат жылнамасына қажетті бастапқы мәліметтерді жинауды табиғат қорғау

индикаторлық-түрлерінің өң көп мөлшерінің болуы, таңдап алынған учаскенің ыңғайлылығы, бақылаушының инспектор кордонына баруына немесе қосымша үлкен күш жұмсауы қажет болмауы үшін, учаскенің оған барынша жақын орналасуы өсіп-өнуі таңдалады. Егер инспекторлық учаскеде ерекше қызықты немесе бірегей болып табылатын түрлер немесе құрамдастықтар, популяциялар болса оларға да жалпы өдістеме бойынша бақылау жүргізіледі. Барлық фенологиялық алаңдар, сондай-ақ тұрақты бақылауға алынған жеке ағаштар мен бұталар жергілікті жерде бағанмен бөлініп белгіленуі тиіс. Әрбір фенологиялық алаңға паспорт өзірленеді. Паспортқа нақты осы фенологиялық алаңда бақылау жүргізілетін өсімдіктің түрлері енгізіледі, фотосуреті жапсырылады. Осы сияқты бақылаулар әрбір объектіге жасалып, табиғат жылнамасы құрастырылады.

**АДАБИЛГАПАРОВ**  
Алакөл филиалының ғылыми қызметкері

**Алакөл көлдерімен мақтанамын!**

Судың құрамында Менделеев кестесіндегі көптеген элементтер кездеседі. Сол себепті, Алакөл ұзақ уақыт бойы өзінің пайдалы қасиеттерімен ерекшеленген. Көлге шомылған адамның теңі мен жаны тазарады. Жұмсақ суы тері ауруларын жақсы емдейді, құрғақ тұзды ауасы, өкпе аурулары кезінде көмектеседі. Сонымен қатар, оның балшықтары да жоғары бағаланады. Ол тірек-

Үлкен, Орта және Кішкене Аралтөбе деп аталады. Көл балыққа да өте бай. Бұл көлде алабұға, көксерке, сазан, мөңке және т.б. балық түрлері тіршілік етеді. Сондай-ақ, бірқазан, ақбас үйрек, қарабас өгізшағала және қарабай сияқты сирек кездесетін құстарды да кездестіруге болады.

**Б. НАУРЫЗБАЕВ**  
Алакөл қорығы

**Табиғат жылнамасы**

Қазақстан Республикасының және Алматы облысының қызыл кітабына енгізілген түрлерді бақылауда табиғат жылнамасының атқаратын ролі өте зор. Табиғат жылнамасының басты, негізгі құрамына ауа-райындағы өзгерістері, яғни жердің опырылуы, судың тасуы, көшкіндердің болуы, қардың тұрақты қабатын анықтауға, жауын-шашынның түсу мөлшері

мөкемесіндегі күзет қызметінің мемлекеттік инспекторлары жүргізеді. Фенологиялық бақылау жұрпау үшін индикаторлық түрлерді таңдау қажет. Фенологиялық бақылау барысында маусымдық өзгерістер бойынша мәліметтер жинау жүзеге асырылады. Тұрақты фенологиялық алаңға арналған учаскелерде өсімдіктердің

**НАУРЫЗЫМ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫ**

Ерекше қорғалатын аймақтардағы туризм – тірі табиғат аясында демалыс пен экологияны ұштастыра отырып, флорасы мен фаунасына қамқорлықпен саяхат жасау, яғни экотуризм.

жасауды ұйымдастырады және тек бөкітілген соқпақтар бойынша қозғалыс жасауды міндеттейді. Қорық аумағында сәуірдің аяғы мен мамыр айында түрлі-түсті Биберштейн қызғалдағы, шренк қызғалдағы, қосгүлді қызғалдақ, жатаған қызғалдақтарын тамашалауға

**Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардағы туризм**

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңның 42 бабының 3-ші тармағында анықталған уәкіл етілген органмен ерекше бағалы өмес және экологиялық жүйе қоспайтын өдейі ерекшеленген объектілерде реттелетін экологиялық туризмін жүргізуі үшін, экскурсиялық соқпақтарды жасау, орнатылуы экологиялық туризм өткізуіне арналған сапар желілерінің арнайы бөлінген учаскелерде рұқсат береді. Наурызым қорығының ерекше өсемдігі, биоалуантүрлі байлығы және бірде-бірегей ландшафты алыс-жақын аймақтардағы туристерді қызықтырады. Қорық туризмін ұйымдастырушылардың негізгі міндеті - экологиялық нормалар мен шектеулерді қатаң түрде сақтай отырып, табиғаттың қызықты жерлерімен, жануар және өсімдік биоалуантүрліліктерімен таныстыру. Бұл сфера жергілікті флора, фауна және табиғатқа ұқыпты қатынас

мүмкіндік бар. Алайда, осындай сулу қызғалдақтарды жұлға тыйым салынған, запал келтірген жағдайда заңмен қудаланады. Наурызым қорығы Үлкен және Кіші Ақсуат, Сарымоын көлдерімен мақтана алады. Себебі, бұл көл айдындарында ақ тырна, қызылжемсаулы қарашақаз, шикылдақ қаз сияқты құс түрлері жүзіп жүреді. Наурызым қорығының тірі табиғаты кез келген адамның көз жауын алып, бірегейлігінен көрермәт эмоция алып, естен кетпес сәттерге айналады. Сондықтан туризм маусымы басталғанда Наурызым қорығына келемін деушілерге әрдайым құшақ жая қарсы алып, табиғаттың өр сырымен таныстыруға дайын. Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат сыйлайтын баға жетпес байлық.

**ШАЛДЫБАЕВА Ж.А.**  
Бөлімі маманы

**КАТОНҚАРАҒАЙ**

*Қоршаған ортаға қамқорлық танытып, табиғатты аялай білу – баршамыздың міндетіміз деп жаталмыз. Десең же, осыны іске асыруға келгенде айқарылған қандай іргелі істер бар? Бұл тақырыпта қандай мысалдар келтіреліміз? Мәселен жылда ағаш егу, көгалдандыру жұмыстарына белсене қатысудамыз дейік.* Олай болса, бұл дегеніміз болашаққа

қалдықтары үшін күм жауапты? Неге бәзбіреулердің жинамай, айналаны лаптап кеткендерінің ауыртпалығын басқалар көтеруі тиіс? Мәселен керексіз затты қоқыс жәшігіне емес, жерге тастай салған адам заңбұзушылығын мойындай ма? Міне, көкейде осындай түйткілді сұрақтар орнап, көңілге маза бермейді. Дұрысы, табиғат аясында демалуды қалай жақсы көрсек, өзімізден кейін барлық жерді тазалап, ретке келтіріп кетуге де аса мұқият бола білгеніміз жөн. Өйткені, осының өзі адамның ішкі мәдениеті мен экологиялық сауаттылығынан көрініс береді. Яғни, қоршаған ортаға қамқорлық танытып, табиғатқа жанашырлықпен қарау дегеніміз, соңғы уақытта үнемі көтерілетін тақырып. БАҚ беттері



**Адам – орманды негізгі ластаушы**

жасалған үлкен қадам ғой. Ендеше бұл расында да мерейімізді үстем етеді. Ал бүгін ше? Бүгін қандай шаруа тындырдық? Қазіргі уақытта отбасы, жақындарымен бірге табиғат аясына бой сергітіп, демалуға шыққандардың барлығы дерлік табиғатқа қамқорлық танытып, зиян келтірмеуде деп айта аламыз ба? Сол тынығушылардан кейін бейберекет шашылып жататын күл-қоқыс, керексіз зат

мен отандық медиа кеңістікте осы мәселені қаузаған көптеген мақалалар мен сұхбаттар жариялануда.

Осы орайда, көпшіліктің ойы бір жерде түйсетіні мәлім. Таза ауамен кең тыныстап, әр барған жерінің суы мен нуын, орман-тоғайын шексіз байлыққа балап, осыны сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыруға тиіс екенінді естен шығармау керек. Әрбір азамат жауапкершілік сезініп, ел мүддесі жолында өз үлесін қосуға дайын болған кезде ғана, гүлдену мен жаңару кезеңі орнайды. Ал, бәріміздің бөреке-бірлігі жарасқан, табиғаты өсем, сулы, нулы ғажайып мекенде өмір сүргіміз келетіні ақиқат.

**КАЙРБАЕВ Ф.**  
Өрел орманшылығының инспекторы